

3. Shuinshina Sh.M., Zhmagulova Z.A., Doru M. Abai atyndagy KazNPU khabarshysy «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No1(81), 2024zh.

<https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2796/876>

4. Reilly, J. D. *Functional Literacy: A Guide for Teachers*. New York: (1970). – 173 p.

5. «2023-2024 oku zhylynda Kazakstan Respublikasynyn orta bilim beru uymdaryndagy oku-tarbie procesinin erekshelikteri turaly» adistemelik nuskau hat. – Astana: Ybyraj Altynsarin atyndagy UBA, 2023. – 107 b.

6. PIRLS-2016 Matindi oku zhane tusinu sapasyn bagalau. Dajyndyq quraly – Akparattyq-taldau ortalygynyn menshigi. Astana 2015. 5 – b.

7. Қазақ соzdigi. Қазақ tilinin bir tomдық ulken tusindirme sozdigi. Almaty: «Dauir baspasy», 2013. – 994 b.

8. PISA TIMS zertteulerinin tapsyrmalary negizinde oqushylardyn gylimi zharatylystanu sauattylyktaryn damytu. oku-adistemelik qural. Y. Altynsarin atyndagy Yltyk bilim akademiya. Astana 2014. 7 – b.

9. National Center for Education Statistics. NAEP Overview. U.S. Department of Education. Accessed Month Day, Year. <https://nces.ed.gov/nationsreportcard/>

10. William S. Gray. *The Teaching of Reading and Writing: A Guide for Teachers*. University of Chicago Press. 1936. – 122 p.

11. Rudolf Flesch. *Why Johnny Can't Read: And What You Can Do About It*. Harper & Row. 1956 – 45 p.

12. Hiebert, E. H. *The Role of Text in the Development of Literacy*. *Reading Research Quarterly*, 44(3), 2009/ 244-258 p.

13. Chall, J. S. *Learning to Read: The Great Debate*. McGraw-Hill. 1967.

14. Vygotskij L.S. *Psihologiya razvitiya rebenka*. — Moskva: Smysl, 2000.

ҒТАХР 14.25.17

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.033>

Г.Б.Жораева,¹  Г.И.Уайсова,¹  А.Н.Жорабекова*² 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта цифрландыру дәуірінде білім беру саласына әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарқынды енгізілуде, бұл оқушылардың оқуға мотивациясын, оқу дағдылары мен қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай технологиялар ақыл-ойы жоғары көрсеткіштерге ие, интеллектісі артқан, эмоциясын тапп, қабылдайтын, жағымды қарым-қатынас орната алатын, өзін-өзі басқара алатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осының барлығы осындай тұлғаны жастайынан тәрбиелеу мәселесін өзекті етеді, атап айтқанда оның ойлау процесін кеңейтуге, негізгі шешімдерді қабылдауға, ақпаратты басқаруға және оқу іс-әрекетінде жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін оның эмоционалдық интеллектін дамыту. Бұл тапсырманы жүзеге асыру үшін зерттеу мәселесінің теориялық негіздері мен практикалық тәжірибесіне талдау жасалды. Бұл зерттеу тиімділігі эксперименталды түрде тексерілген онлайн платформалар арқылы эмоционалдық интеллектті дамыту жолдарын зерттеуге бағытталған.

Түйін сөздер: эмоционалдық интеллект, онлайн платформалар, бастауыш сынып оқушылары, оқу тапсырмалары, эмоционалдық интеллектті дамыту жолдары.

Жораева Г.Б.,¹  Уайсова Г.И.,¹  Жорабекова А.Н.*² 

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*




² *Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, г Шымкент, Казахстан*

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМЫ

Аннотация

В настоящее время в эпоху цифровизации происходит интенсивное внедрение различных информационно-коммуникативных технологий в образовании, что способствует формированию мотивации к обучению, учебных умений и навыков обучающихся. Кроме этого, такие технологии ориентированы на развитие всесторонней личности с высокими умственными показателями, повышенным интеллектом, способная распознавать, воспринимать эмоции, готовая устанавливать позитивные отношения и самоконтроль. Все это актуализирует проблему воспитания такой личности с ранних лет, в частности развития ее эмоционального интеллекта, который позволяет расширять мыслительный процесс, принимать ключевые решения, управлять информацией и строить позитивные отношения в учебной деятельности. Для реализации данной задачи был проведен анализ теоретических основ и практического опыта проблемы исследования. Данное исследование нацелено на изучение способов развития эмоционального интеллекта через онлайн-платформы, эффективность которых были экспериментально проверены.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, онлайн-платформы, младшие школьники, учебные задания, способы развития эмоционального интеллекта.

Zhoraeva G.,¹  Uaisova G.,¹  Zhorabekova A. *² 

¹ *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

² *M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

DEVELOPING THE EMOTIONAL INTELLIGENCE OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN THROUGH ONLINE PLATFORMS

Abstract

Currently, in the era of digitalization, there is a rapid integration of various information and communication technologies into the field of education. This integration contributes to developing students' learning motivation, academic skills, and competencies. Furthermore, such technologies are aimed at fostering the development of a well-rounded personality with high cognitive abilities and enhanced intellectual capacity—an individual capable of recognizing and interpreting emotions, establishing positive interpersonal relationships, and exercising self-control. These trends underscore the urgency of developing such personal qualities from an early age, particularly through the development of emotional intelligence. Emotional intelligence plays a crucial role in expanding cognitive processes, supporting decision-making, managing information, and fostering constructive interactions in educational settings. To address this objective, a theoretical and practical analysis of the research problem was conducted. The present study focuses on exploring methods for developing emotional intelligence through the use of online platforms, the effectiveness of which was tested through experimental research.

Keywords: emotional intelligence, online platforms, primary school students, learning tasks, methods for developing emotional intelligence.

Кіріспе. Қазіргі уақытта «эмоционалды интеллект» ұғымы ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылуда. Бұл ұғымның теориялық және практикалық негіздерін айқындауда деректерді алу мақсатында *scopus*, *scholar.google*, *wiley online library* платформалары қолданылды.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісінің теориялық негіздерін айқындауда «эмоционалды интеллект» ұғымы Платонның оқытудың эмоционалды негізі бар деген тұжырымдамасынан бастау алады.

«Эмоционалды интеллект» идеясын алғашқы ұсынған ғалымдардың бірі Питер Саловей мен Джон Майер (2004) болды [1]. Эмоционалды интеллект адамдардың сезімін басқаруға, эмоцияларын түсінуге, оны реттеуге мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейін эмоционалды

интеллектінің бірнеше модельдері жасалды. Оның ішінде Goleman эмоционалды интеллектіні өнімділік теориясы тұрғысынан тұжырымдайды. Сондай-ақ, өзіне және басқаларға эмоцияларды тану және реттеу қабілеті ретінде танып, төрт негізгі бағытын: «өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, әлеуметтік хабардарлық, қарым-қатынасты басқару» атап өтті[1]. Ғалымның тұжырымдамасының өміршеңдігі бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Джон Д.Майер эмоционалды интеллектіні төрт бағытқа бөліп қарастырады: бірінші - эмоцияларды қабылдау дәлдігі; екінші - ойлауды жеңілдету; үшінші - сезімдерді сезіну; төртінші - эмоцияларды басқару [2]. Бұл төрт бағыт қабілеттерге негізделген бағалау ретінде жүзеге асырылып, білім алушыларды эмоционалдық қалыптардың әсерін басқаруға қабілетті етеді.

Осы орайда, әр бір тұлға өзін-өзі тануда эмоционалды қажеттіліктерін тануы қажет. Бұл өзін-өзі басқару ұғымымен байланысты болғандықтан, оның тікелей ортасына әсер ететіндігін ұмытпаған жөн. Сондықтан, үнемі сезінуді, тануды және басқаруды талап етеді. Демек, эмоциялардың түрлеріне қатысты терең білімді қажет етеді. Яғни, жағымды эмоцияларды нығайтуға, ал жағымсыз эмоцияларды басқаруға ықпал етеді (Nieto және т.б., 2024) [3].

Сондай-ақ, білім алушылардың оқу үлгеріміне эмоционалды интеллектінің әсерін көптеген ғалымдар зерттеді. Бұл тұста Ubago-Jimenez және қосалқы авторлардың (2024) зерттеуі біз үшін құнды [4]. Авторлардың көзқарасы бойынша, сабақ үлгерімінің жақсаруына эмоционалды интеллект әсер ете алады. Біздің пайымдауымызша, білім алушыларда эмоционалды интеллект өзін-өзі бағалауда айқындылық, тұрақтылық, нақтылық қасиеттерінде көрініс табады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа эмоционалды интеллектінің рөлін Li және Zhang (2024) зерттеді [5]. Авторлар оқушылардың білім беру траекториясын құруда эмоционалды, тұлғааралық және мотивациялық факторларды байланыстыра отырып, біртұтас көзқарасты құрайды. Осы бағытта оқушылардың үлгерімі ғана емес, біртұтастықта дамытын «білім беру ортасын» құруды қажет етеді. Бұл оқушылардың белсенділігі мен мотивациясын, қызығушылығы мен ынтасын ілгерілетуге ықпал етеді.

Ал, Herut және бірлескен авторлар (2024) бастауыш сыныптың эмоционалды интеллектісі мен оқу үлгерімі арасындағы корреляцияны зерттеді [6]. Ғалымдардың пікірінше, оқушылардың оқу үлгеріміне эмоционалды интеллектінің әр түрлі аспектілері (өзін-өзі реттеу, өзін-өзі тану, эмпатия, мотивация және т.б.) әсер етеді. Ендеше, біз бұл аспектілерге мән беріп, оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамытуда негізге алуымыз қажет. Сондай-ақ, эмоционалды интеллект білім алушылардың оқу үлгеріміне ғана емес, болашақ кәсіби қызметіне де әсер етеді (Gavín-Chocano және т.б., 200) [7].

Расында да, зерттеулерде білім алушылардың эмоционалды интеллектісі олардың әлауқатына ғана емес, сондай-ақ оқу үлгеріміне және кәсіби қызметіне, академиялық жетістіктеріне де әсер ететіндігі туралы нақты дәлелдер келтірілген.

Сонымен қатар, STEM біліміндегі эмоционалды интеллектінің трансформациялық әлеуетін Ауені және бірлескен авторлар (2024) зерттеді [8]. Бұл зерттеу STEM білім беруде білім алушылардың эмоционалды интеллектінің маңыздылығын анықтауға бағытталған. Авторлардың пікірінше, ғылым, технология, инженерия, математикаға бағытталған білімдері дамыған сайын эмоционалды интеллект бейімделгіш және тұрақты түрде дами бастайды.

Отандық ғалымдар К.М.Мукушева мен Н.С.Тленчиева (2021) эмоционалды интеллект пен лидерлік ұғымдарының байланысын зерттеді [9]. Олардың пайымдауынша, бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып, өзгелердің, өзінің эмоцияларын түсініне отырып басқарады, оның лидерлік сапаларын (шығармашылық, ұйымдастырушылық, қатысымдық және т.б.) қалыптастыруға мүмкіндік береді.

А.Мынбаева мен А.Гумерова (2017) эмоционалды интеллектіні арт-терапия құралдары арқылы дамытудың жолдарын ұсынып, *эмоционалды интеллект* - «өз және басқа адамдардың эмоцияларын түсінуді, сондай-ақ интеллектуалды процестерге негізделген өз

және басқа адамдардың эмоцияларын басқаруды қамтамасыз ететін қабілеттер жиынтығы» деп анықтамасын ұсынды [10]. Бұл анықтамадан, интеллектінің негізінде өз және өзге адамдардың эмоциясын түсінуден басқаруға дейінгі мағынаны ұғынуға болады.

«Эмоционалды интеллект - салыстырмалы түрдегі жаңа тұжырымдама» [11] деп өз зерттеулерінде А.З.Мурзалинова және қосалқы авторлар (2023) анықтама ұсынды. Сондай-ақ, авторлар эмоционалды интеллектіні дамытуға ықпал ететін «Эмоциялар калейдоскобы» бағдарламасын әзірлей отырып, оның өзін-өзі тануға, дамытуға, басқаруға және қарым-қатынас пен жеке қасиеттерін дамытуға мүмкіндік беретінін эксперимент барысында дәлелдеді. Бұл еңбекті талдау барысында біз, эмоционалды интеллектінің білім алушылардың кәсіби маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретінін түсінеміз.

Эмоционалды интеллектінің тұрақтылық пен мотивацияның арасындағы байланысын К.К.Тусубекова және бірлескен авторлар (2021) зерттеді [12]. Олардың пайымдауынша, эмоционалды интеллект білім алушылардың жетістікке жетудегі ынтасы мен мотивациясы және оның тұрақтылығының алғышарты болып табылады. Бұл пайымдаулар тұжырымдамалық жағынан білім алушылар жетістікке жетудегі мотивациясын ескере отырып, эмоциясын тұрақты түрде басқаруды міндеттеп, эмоционалды интеллектіні қалыптастыруға бағыттайды.

Эмоционалды интеллектіні цифрландыру жағдайында дамытудың жолдарын Ж.И.Сардарова және қосалқы авторлар зерттей отырып, оны дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігінің бірнеше себептерін көрсетеді: бірінші себеп - білім алушылардың іс әрекетінің сәттілігін болжайды; екінші себеп - кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді; үшінші себеп - жаңа білім, білік, дағдыларға икемділікті арттырады; төртінші себеп - білімді дамытуға бағытталған жобаларда қарастырылады; бесінші себеп - ақыл-ойды дамытуға бағытталған; алтыншы себеп - инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады [13]. Осыған байланысты, эмоционалды интеллект тұлғаны дамытуда өзін-өзі басқаруды, реттеуді, тануды, өмірлік оптимизмді көтеруді қамтамасыз ететін процесс ретінде негізделеді.

Тұжырымдай келе біз, эмоционалды интеллект ұғымының мәнін айқындауда ғалымдардың берген анықтамаларын, оның түйінді ойларын ұсынуды жөн көріп отырмыз:

- бұл, пайымдау арқылы эмоцияны шебер басқару (Cherniss, 2010);
- бұл, әрекеттерді, когнитивті процестестерді және жағдаяттарды қамтитын атрибут (Wechsler, 2007);
- бұл, адамның мінез-құлқының әртүрлі аспектілерін (шешім қабылдау, когнитивті процесті бағалау) қалыптастырады (Šimić және т.б., 2021);
- бұл, кәсіби білікке, көшбасшылықты қалыптастыруға, шешім қабылдауға, мотивацияны арттыруға ықпал етеді (Maiya және Michael, 2009);
- бұл, ашу-ызаның оқу стратегияларына теріс әсер ететін күшті модератор (Nieto және т.б., 2024);

Бұл талдаулар көрсетіп отырғандай оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамытудағы негізгі түйінді ойлар бір-біріне жақын келеді. Олай болса, эмоцияны шебер басқара білу, когнитивті процес пен мінездің әртүрлі аспектілерін, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, мотивацияны арттыру секілді ойларды өз анықтамамызды ұсынуда негізге алатын боламыз.

Қорыта келе, «эмоционалды интеллект - білім алушылар өздерінің және өзгенің эмоциясын түсініп, оны қабылдап, басқара алатын деңгейге жетуге бағытталған кешен» болып нақтыланады (Жораева және т.б., 2024) [14].

Бұл зерттеудің басты мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін онлайн платформалары арқылы дамытудың жолдарын қарастыру.

Біз зерттеуімізде оқушылардың эмоционалды интеллектісін онлайн платформалары арқылы дамытатын жолдарды қарастыратын боламыз.

Негізгі ережелер. Қазіргі қоғамның даму динамикасындағы өзгерістер эмоционалды интеллектке ие болатын тұлғаны тәрбиелеуді міндеттейді. Себебі, эмоционалды интеллектісі дамыған адамдардың ақыл-ойы жоғары көрсеткіштермен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз ойлау процесін кеңейтуге, негізгі шешімдерді қабылдауға, ақпаратты басқара алуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Ендеше, эмоцияны қабылдау, оны түсіну және басқару қабілетін арттыру бастауыш сыныптан бастап бастау алған жөн деп санаймыз.

Зерттеудің негізгі идеясы - бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін онлайн платформалары арқылы дамытудың жолдарын айқындау. Зерттеудің негізгі идеясын іске асыруда келесідей ережелер негізге алынды:

- «эмоционалды интеллект» ұғымдарының мәнін нақтылау, теориялық және практикалық негіздерін айқындаудағы ғылыми зерттеулер;
- «Umaigra», «Learningapps», «Nearpod», «Joyteka», «Wordwall» платформалары арқылы тапсырмалар әзірлеу, оны оқу процесіне енгізу қадамдары;
- ойлау процесін кеңейтуге, негізгі шешімдерді қабылдауға, ақпаратты басқара алуға, жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін эмоционалды интеллектіні дамытудың маңыздылығын білу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалдары мыналарды қамтиды: эмоционалды интеллект мәселесі бойынша ғылыми еңбектер; «Umaigra», «Learningapps», «Nearpod», «Joyteka», «Wordwall» платформалары.

Зерттеу барысында ғылыми еңбектерге талдау жүргізілді, диагностикалық әдістеме, сауалнама, салыстыру әдістері қолданылды.

Қатысушылар. Зерттеуге Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқушылары тартылды. Бастауыш сынып оқушыларының бірі (2В) - бақылау сыныбы, екіншісі (2Г) - тәжірибелік сынып ретінде іріктелді. Барлығы 51 оқушыны құрады.

Зерттеу нәтижелері Изотованың «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістемесі арқылы алынды. Деректер үш сипатта «эмоцияны қабылдау», «эмоцияны түсіну», «эмоцияны сәйкестендіру» анықталып, «жоғары», «орташа», «төмен» деңгейлерімен сипатталады:

Эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейі - оқушы барлық эмоциялық күйлерді дұрыс атайды, қабылдайды, эмоциясы бейнеленген суреттерді пиктограммалық бейнелермен сәйкестіндіре алады. Мұғалімнің көмегінсіз орындайды.

Эмоционалды интеллектінің орташа деңгейі - оқушы мұғалімнің көмегімен 4-6 ғана эмоцияны қабылдап, таниды, аттарын дұрыс атайды. Оларды бейнелей алды.

Эмоционалды интеллектінің төмен деңгейі - оқушы мұғалімнің көмегімен 4 ғана эмоцияны бейнелей алды.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу үш (анықтау, қалыптастыру, бақылау) кезеңде жүрізілді.


Бірінші кезең - анықтау. Бұл кезеңде оқушылардың эмоционалды интеллектісін анықтауда «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістемесі қолданылды. Әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының эмоцияны қабылдау, түсіну және сәйкестендіру деңгейін және негізгі эмоционалды күйлерді жаңғырту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында экспрессивті белгілерді қабылдау, эмоцияны түсіну және анықтау, эмоцияны ауыстыру, оны жаңғырту, эмоциялық көріністерді өзектендіру және т.с.с. ерекшеліктер бағаланады. Оқушыларға әртүрлі эмоционалды көрінісі бар суреттер беріледі. Оқушылар эмоцияның түрлерін (қайғы, қуаныш, реңіш, ұялу, қобалжу, қызығу, таңдану, жиіркену және т.б.) анықтауы қажет.

Олай болса, анықтау кезеңіндегі әдістеменің көрсеткіштері төмендегідей көрсетті (Кесте 1).

Кесте - 1. Анықтау кезеңіндегі «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістеменің нәтижелері

Сынып	Іріктелген оқушы саны	Деңгейлері		
		Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау сыныбы	n=25	12% (3)	40% (10)	48% (12)
Тәжірибелік сынып	n=26	11,5%(3)	42,3% (11)	46,2% (12)

Әдістеменің нәтижелерін диаграмма түрінде ұсынамыз (1-сурет).



Сурет - 1. «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістеменің нәтижелері

Әдістеменің нәтижелерін талдау: төменгі деңгей бақылау сыныбында 12 білім алушы 48 пайызды; тәжірибелік сыныпта 12 білім алушы 46,2 пайызды құрады; орта деңгей бақылау сыныпта 10 білім алушы 40 пайызды; тәжірибелік сыныпта 11 білім алушы 42,3 пайызды құрады; жоғары деңгей бақылау сыныпта 3 білім алушы 12 пайызды, тәжірибелік сыныпта 3 оқушы 11,5 пайызды құрады. Екі сынып деңгейлерінің арасында аса айырмашылықты көріп отырғанымыз жоқ.

Нәтижелердің көрсеткіштерінен біздің байқағанымыз, оқушылар суреттегі эмоцияларды танып, ал пиктограмма арқылы ұсынылған эмоцияларды табуда қиындыққа тап болғандығы анықталды. Олай болса, оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамытудың қажеттілігі туындайды. Бұл олқылықтардың орнын толтыру *қалыптастыру кезеңінде* іске асады.

Екінші кезеңі желтоқсаннан мамыр айы аралығында іске асты. Біз эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған онлайн платформалары арқылы әзірлеген тапсырмалар әр аптаның бір күнінде қосымша сабақта ұсынылды. Онлайн платформаларының сілтемелері сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта берілді. Бұл бағыттағы тапсырмалар жеке, жұптық және командалық жұмыста талқалауға салынып, білім алушылар тарапынан тұжырымдар, ой-пікірлер, идеялар беріліп отырды.

Эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған тапсырмаларды құруда «Umaigra», «Learningapps», «Nearpod», «Joyteka», «Wordwall» платформалары қолданылды.

Кесте - 2. Эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған ойындар

Онлайн платформасы	Ойынның аты	Эмоционалды интеллект дизайны
1	2	3
Learningapps.org	«Эмоцияны анықтаңыз», «Бірдей жәндіктерді табыңыз», «Шалқан» ертегісі және т.б.	эмоционалды дағдыларды дамытуға, оқушылардың эмоциясын ынталандыруға, эмоцияның шығу себептерін анықтау
Umaigra	«Кім күшті», «Білімнің күші», «Жақсы және жаман жолдас», «Түлкінің айласы» және т.б.	эмоционы тудырған себептерді анықтау, эмоцияны тану, қабылдау және дамыту
Joyteka,	«Таңдау немесе қорқыныш»,	эмоцияны және импульсті мінез-құлықты

Wordwall	«Викторина», «Мен ашуымды басқарамын» және т.б.	басқару, өзін-өзі ұстауды үйрету, қабілетін, мінезін, эмоциясын өзін-өзі тану
----------	---	---

Birінші - Learningapps.org платформасы арқылы берілген тапсырмалар эмоционалды дағдыларды дамытуға, оқушылардың эмоциясын ынталандыруға, эмоцияның шығу себептерін анықтауға бағытталған. Мәселен: «Эмоцияны анықтаңыз», «Бірдей жәндіктерді табыңыз», «Викторина» және т.с.с. тапсырмалар берілді.

«Эмоцияны анықтаңыз» ойыны. Сәкестендіру әдісін қолдана отырып жүргізіледі. Оқушы суретте бейнелеген беттердің эмоциясын анықтап, қажетті қорапты белгілейді. Жауап дұрыс болса келесі тапсырмаға көшеді. Сондай-ақ, бұл эмоцияның шығу себептерін сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып талқыланады.

«Ер қаруы - бес қару» ойыны. Ертегінің мазмұнын әңгімелеу арқылы, кейіпкерлердің эмоциясына сипаттама береді. Танымдық сұрақтар қойылады. Бұл ойынды ойнау барысында оқушының эмоционалды интеллектісі дамиды. Кейіпкерлердің эмоцияларын таниды, қабылдауды үйренеді, эмоцияға бағытталған дағдыларды дамытады.

Екінші - Utaigra платформасы арқылы «Білімнің күші» атты тақырыпта тапсырма ұсынылды. «Кім күшті» ертегісінен сұрақтар қойылды:

- Ертегідегі басты кейіпкер кім?
- Арыстан аңдарды жинап алып қандай сұрақ қойды?
- «Дүниедегі ең күшті кейіпкер - менмін» деген кім?
- «Төс қақты», «масаттана түсті» деген сөздердің мағынасын эмоция арқылы көрсет.

Тапсырмаларды орындау барысында эмоцияның әр түрлі бағытта көрініс табатынын байқап, оны басқара білудің қажеттілігін аңғарады. Тапсырманы орындау барысында эмоционы тудырған себептерді анықтайды, эмоцияны тани бастайды, эмоцияны қабылдайды және эмоцияны дамытады.

Үшінші - Joyteka, Wordwall платформасы (Лукачева, 2022) арқылы оқушыларға сұрақтар қойылады [15]. Әр сұраққа жауап берген сайын есік ашылып, келесі тапсырмаға көшеді. Сұрақтардың мазмұны басқа адамдардың эмоциясын түсінуге, қабілетін, мінезін, эмоциясын өзін-өзі тануға бағытталған. Тапсырманы орындауда эмоционалды дағдыларды дамытуға, біртіндеп арттуға байланысты сезімдер қамтылады. Сондай-ақ, оқушылардың оқуға деген ынтасы артады, оқу нәтижелері жақсарады. Күрделі эмоцияларды түсінуге, өзін-өзі ұстауға, қабілеті мен мінезін жақсартуға дағдыланады.

Ендеше, онлайн платформалары арқылы әзірлеген тапсырмалардың кейбірін сурет арқылы көрсетейік (2-сурет).



2-сурет. Онлайн платформалары арқылы әзірленген тапсырмалар


Осындай бағыттағы тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының эмоциясын тануға, оларды ажырата алуға, басқаруға, өзін-өзі тануға, танымын арттыруға мүмкіндік береді.

Олай болса, онлайн платформалары арқылы әзірленген тапсырмалардың оқушылардың эмоционалды интеллектісінің дамуына әсерін анықтау үшін бақылау кезеңіндегі нәтижелерді ұсынатын боламыз. Бақылау кезеңінде ЭИ анықтауға бағытталған диагностикалық әдістеме қайта алынды. Бақылау кезеңіндегі нәтижелер төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (кесте 3).

Кесте - 3. Бақылау кезеңіндегі «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістемесінің нәтижелері

Сынып	Іріктелген оқушы саны	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін		
		Жоғары	Орта	Төмен	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау сыныбы	n=25	12% (3)	40% (10)	48% (12)	12% (3)	56% (14)	32% (8)
Тәжірибелік сынып	n=26	11,5% (3)	42,3% (11)	46,2% (12)	30,8% (8)	61,5% (16)	7,7% (2)

Әдістемесінің нәтижелерін диаграмма түрінде ұсынамыз (3-сурет).



Сурет - 3. Бақылау кезеңіндегі «Эмоционалды сәйкестендіру» диагностикалық әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Зерттеудің бақылау кезеңіндегі BC және TC салыстырмалы көрсеткіштерін талдау: төменгі деңгей бақылау сыныбында 8 білім алушы 32 пайызды; тәжірибелік сыныпта 2 білім алушы 7,7 пайызды құрады; орта деңгей бақылау сыныпта 14 білім алушы 56 пайызды; тәжірибелік сыныпта 16 білім алушы 61,5 пайызды құрады; жоғары деңгей бақылау сыныпта 3 білім алушы 12 пайызды, тәжірибелік сыныпта 8 оқушы 30,8 пайызды құрады. Екі сынып деңгейлерінің арасында айырмашылықты көріп отырмыз.

Деректерді талдауда екі сыныптың арасында айырмашылық байқалды. Біз көрсеткен нәтижелер онлайн платформалары арқылы әзірленген ойындардың тиімділігін дәлелдеді. Біз эмоционалды интеллектіні ерте кезден бастап дамытуымыз керек. Себебі, оқушылар ерте кезден бастап эмоцияларын тануды, оны сезінуді, басқаруды меңгеруі қажет, сонда ғана өзін-өзі реттеп, басқара алады. Өсе келе эмпатия және әлеуметтік интеллект секілді дағдыларды игереді.

Бұл зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллект туралы түсінігі, тәжірибелері мен оқу процесі зерттелді. Осы орайда, оқушылардың жеке жетістіктерге жетуде эмоционалды интеллектіні дамытудың маңызы сөзсіз деп білеміз. Демек, оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамытуға бағытталған мәселе көптеген зерттеулерде көрініс табады. Дегенмен, маңыздылығына байланысты бұл зерттеу өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, ойлауды жетілдіруге, эмоцияларды басқаруға бағытталған (Goleman, 2000) [16]. Зерттеуге қатысқан бастауыш сынып оқушылары эмоционалды интеллект туралы өз пікірлерін білдірді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, эмоционалды

интеллект оқу сапасының дамуында, көшбасшылық қабілетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, Paroutsі және бірлескен авторлар (2024) оқушылардың эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған ойындарды ұсынды [17]. Онлайн платформалары арқылы әзірленген маңызды ойындар эмоционалды интеллектіні дамытудың басты құралы бола алады. Бұл оқушылардың ортаға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беріп (Romero және т.б., 2015) [18], стресс факторларын жеңуге әсер етеді (McGregor және Bonnis, 2016) [19]. Онлайн ойындарының мақсаты - жағымды процес арқылы жақсы эмоция сыйлау (Garris және т.б., 2002) [20]. Онлайн ойындарды ойнау арқылы бастауыш сынып оқушысы өзінің эмоционалды қабілеттерін дамытып, жетілдіре алады. Сонымен қатар, оқушының жеке басының қалыптасуына, эмоционалды интеллектісінің дамуына ықпал етеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде біз әзірлеген тапсырмалардың оқушылардың эмоционалды интеллектісінің дамуына оң әсері байқалады. Бұл зерттеу онлайн платформаларды қолдануды ұсынады. Ендеше, эмоционалды интеллектіні дамыту мәселесі мен тәжірибесін кеңінен насихаттау қажет. Сондай-ақ, зерттеу мәселесіне қатысты факультативті курс бағдарламаларын әзірлеу, ұсыныстар беру, сандық зерттеулер жүргізуді ұсынамыз. Осы тұста біз, зерттеушілердің тұжырымдары мен ой-пікірлерін негізге ала отырып, «эмоционалды интеллект» ұғымына анықтама ұсындық. Эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған тапсырмаларды құруда «Umaigra», «Learningapps», «Nearpod», «Joyteka», «Wordwall» платформалары қолданылды. Бұл бағытта онлайн платоформаларды кеңінен қолдану оқушылардың эмоцияларын басқаруды, өзін жетілдіруді, ойын дамытуды, әрекетін реттеуді қамтамасыз етуді ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R. (2004). Target articles: «emotional intelligence: Theory, findings, and Implications». *Psychological inquiry*. - 2004. - Т. 3. - №15. - P. 197-215. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
2. Mayer J.D. et al. How many emotional intelligence abilities are there? An examination of four measures of emotional intelligence // *Personality and Individual Differences*. - 2024. - Т. 219. - P. 112468. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2023.112468>
3. Nieto A., Sánchez-Rosas J., Gómez-Iñiguez C. Identifying the role of emotional intelligence in achievement emotions and their effects on deep learning strategies in university students // *Revista de Psicodidáctica (English ed.)*. - 2024. - Т. 29. - №. 1. - P. 47-56. <https://doi.org/10.1016/j.psicoe.2023.11.003>
4. Ubago-Jimenez J. L. et al. Impact of emotional intelligence and academic self-concept on the academic performance of educational sciences undergraduates // *Heliyon*. - 2024. - Т. 10. - №. 8. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e29476>
5. Li Y., Zhang L. Exploring the relationships among teacher–student dynamics, learning enjoyment, and burnout in EFL students: the role of emotional intelligence // *Frontiers in Psychology*. - 2024. - Т. 14. - P. 1329400. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1329400>
6. Herut A. H., Muleta H. D., Lebeta M. F. Emotional intelligence as a predictor for academic achievement of children: Evidence from primary schools of southern Ethiopia // *Social Sciences & Humanities Open*. - 2024. - Т. 9. - P. 100779. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100779>
7. Gavin-Chocano Ó. et al. The impact of self-esteem, optimism and emotional intelligence on the professional development of future primary and pre-school teachers // *Teacher Development*. - 2024. - P. 1-16. <https://doi.org/10.1080/13664530.2024.2340651>
8. Ayeni O. O. et al. Enhancing STEM education through emotional intelligence and counseling techniques // *World Journal of Advanced Research and Reviews*. - 2024. - Т. 21. - №. 2. - P. 903-916. DOI url: <https://doi.org/10.30574/wjarr.2024.21.2.0503>
9. Мукушева К.М., Тленчиева Н.С. Студенттердегі лидерлік пен эмоционалды интеллекттің өзара байланысы. *Вестник. Серия «Психология»*. - 2021. - Т.1. С. 62–67. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.11>
10. Мунбаева А., Гумерова А. Развитие эмоционального интеллекта средствами арт-терапии // *Вестник КазНУ. Серия педагогическая*. - 2017. - Т.51. - №.2. - С. 36-48. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/422>
11. Мурзалинова А.Ж., Омарова М.Т., Айтымова А.Н. Эмоциональный интеллект как составляющая профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов // *Вестник Северо-Казахстанского Университета им. М. Козыбаева*. - 2023. - №. 4(52.1) - С.46-61. <https://doi.org/10.54596/2309-6977-2021-4-46-61>

12. Тусубекова К., Калмуханбетова С., Тусубекова А., Абишева Ж. Эмоционалды интеллект және тұрақтылықтың жетістікке жету мотивациясындағы рөлі //Вестник. Серия «Психология». – 2021. – Т. 67. – №. 2. DOI: [10.51889/2021-2.1728-7847.06](https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7847.06)
13. Sardarova Z., Autaeva A., Rsaldinova A., Kemeshova A. Эмоциональный интеллект как основной показатель готовности современных педагогов к профессиональной деятельности в условиях цифровизации и инклюзивного образования //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2021. – Т. 67. – №. 2. – С. 28-37. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.04>
14. Жораева Г.Б., Уайсова Г.И., Жорабекова А.Н. Интерактивті мультимедиялық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың құралы ретінде //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2024. – Т. 11429. – №. 2. – С. 174-181. DOI: <https://doi.org/10.31489/2024ped2/174-181>
15. Лукачева, М.А. Сервис Wordwall в образовательном процессе / М.А.Лукачева, Д.М.Богачева, И.Д.Борисова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 20 (415). — С. 594-598. — URL: <https://moluch.ru/archive/415/91903/>
16. Goleman D. Emotional intelligence: Issues in paradigm building //The emotionally intelligent workplace. – 2001. – Т. 13. – P. 26.
17. Papoutsi C. et al. “The Park of Emotions”: A Serious Game for the Development of Emotional Intelligence in Children //Applied Sciences. – 2024. – Т. 14. – №. 14. – S. 6067. <https://doi.org/10.3390/app14146067>
18. Romero M., Usart M., Ott M. Can serious games contribute to developing and sustaining 21st century skills? //Games and culture. – 2015. – Т. 10. – №. 2. – С. 148-177. <https://doi.org/10.1177/1555412014548919>
19. McGregor C., Bonnis B. Big data analytics for resilience assessment and development in tactical training serious games //2016 IEEE 29th international symposium on computer-based medical systems (CBMS). – IEEE, 2016. – С. 158-162. <https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/7545976>
20. Garris R., Ahlers R., Driskell J. E. Games, motivation, and learning: A research and practice model //Simulation & gaming. – 2002. – Т. 33. – №. 4. – С. 441-467. <https://doi.org/10.1177/1046878102238607>

References:

1. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R. (2004). Target articles: «emotional intelligence: Theory, findings, and Implications». Psychological inquiry. - 2004. - Т. 3. - №15. - P. 197-215. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
2. Mayer J.D. et al. How many emotional intelligence abilities are there? An examination of four measures of emotional intelligence //Personality and Individual Differences. – 2024. – Т. 219. – P. 112468. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2023.112468>
3. Nieto A., Sánchez-Rosas J., Gómez-Iñiguez C. Identifying the role of emotional intelligence in achievement emotions and their effects on deep learning strategies in university students //Revista de Psicodidáctica (English ed.). – 2024. – Т. 29. – №. 1. – P. 47-56. <https://doi.org/10.1016/j.psicoe.2023.11.003>
4. Ubago-Jimenez J. L. et al. Impact of emotional intelligence and academic self-concept on the academic performance of educational sciences undergraduates //Heliyon. – 2024. – Т. 10. – №. 8. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e29476>
5. Li Y., Zhang L. Exploring the relationships among teacher–student dynamics, learning enjoyment, and burnout in EFL students: the role of emotional intelligence //Frontiers in Psychology. – 2024. – Т. 14. – P. 1329400. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1329400>
6. Herut A. H., Muleta H. D., Lebeta M. F. Emotional intelligence as a predictor for academic achievement of children: Evidence from primary schools of southern Ethiopia//Social Sciences & Humanities Open. – 2024. – Т. 9. – P. 100779. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100779>
7. Gavín-Chocano Ó. et al. The impact of self-esteem, optimism and emotional intelligence on the professional development of future primary and pre-school teachers //Teacher Development. – 2024. – P. 1-16. <https://doi.org/10.1080/13664530.2024.2340651>
8. Ayeni O. O. et al. Enhancing STEM education through emotional intelligence and counseling techniques //World Journal of Advanced Research and Reviews. – 2024. – Т. 21. – №. 2. – P. 903-916. DOI url: <https://doi.org/10.30574/wjarr.2024.21.2.0503>
9. Mukusheva K.M., Tlenchieva N.S. Studentterdegi liderlik pen emocionaldy intellektuñ özara bajlanysy. Vestnik. Seriya «Psihologiya». - 2021. - T.1. S. 62–67. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.11>.
10. Mynbayeva A., Gumerova A. Razvitie emosionálnogo intelekta sredstvami art-terapii // Vestnik KazNU. Seria pedagogicheskaja. – 2017. – Т. 51. – №. 2. – S. 36-48. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/422>
11. Murzalinova A. J., Omarova M. T., Aitymova A. N. Emosionálnyi intellekt kak sostavläiuşaiia profesionálnoi kompetentnosti buduşih pedagogovpsihologov // Vestnik Severo-Kazahstanskogo Universiteta im. M. Kozybaeva. – 2023. – №. 4 (52.1). – S. 46-61. <https://doi.org/10.54596/2309-6977-2021-4-46-61>

12. Tusubekova K., Kalmuhanbetova S., Tusubekova A., Abişeva J. Emosionaldyintelett және тұрақтылықтың jetistikke jetu motivasiyasındaғы рөлі //Vestnik. Seria «Psihologia». – 2021. – Т. 67. – №. 2. DOI: 10.51889/2021-2.1728-7847.06
13. Sardarova Z., Autaeva A., Rsaldinova A., Kemeshova A. Emosionalnyi intellekt kak osnovnoi pokazatelgotovnosti sovremennyh pedagogov k profesionalnoi deiatelnosti v usloviahsifrovizatsii i inklüzivnogo obrazovaniya //Vestnik KazNU. Seria pedagogicheskaya. – 2021. – Т. 67. – №. 2. – S. 28-37. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.04>
14. Zhoraeva G.B., Uaisova G.I., Zhorabekova A.N. Interaktivti mültimedialyq tehnologialar bastauyş synyp oquşylarynyñemosionaldy intellektün damytudyñ qūraly retinde //Bulletin of the Karagandauniversity Pedagogy series. – 2024. – Т. 11429. – №. 2. – S. 174-181. DOI: <https://doi.org/10.31489/2024ped2/174-181>
15. Lukacheva, M. A. ServisWordwall v obrazovatelnom prosese / M. A. Lukacheva, D. M. Bogacheva, İ. D.Borisova. — Teks : neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. — 2022. — № 20 (415). —S. 594-598. — URL: <https://moluch.ru/archive/415/91903/>
16. Goleman D. Emotional intelligence: Issues in paradigm building //The emotionally intelligent workplace. – 2001. – Т. 13. – P. 26.
17. Papoutsi C. et al. “The Park of Emotions”: A Serious Game for the Development of Emotional Intelligence in Children //Applied Sciences. – 2024. – Т. 14. – №. 14. – S. 6067. <https://doi.org/10.3390/app14146067>
18. Romero M., Usart M., Ott M. Can serious games contribute to developing and sustaining 21st century skills? //Games and culture. – 2015. – Т. 10. – №. 2. – C. 148-177. <https://doi.org/10.1177/1555412014548919>
19. McGregor C., Bonnis B. Big data analytics for resilience assessment and development in tactical training serious games //2016 IEEE 29th international symposium on computer-based medical systems (CBMS). – IEEE, 2016. – C. 158-162. <https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/7545976>
20. Garris R., Ahlers R., Driskell J. E. Games, motivation, and learning: A research and practice model //Simulation & gaming. – 2002. – Т. 33. – №. 4. – C. 441-467. <https://doi.org/10.1177/1046878102238607>

МРНТИ 14.35.05

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.034>

A.F.Аралбаева, ^{1*}  Б.Т.Сурабалдиева ² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
²М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИА САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру мәселесі жайлы баяндалады. Бастауыш сынып оқушыларның медиа сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл заман талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы. Медиа білім беру ортасында бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығын ашып көрсетеді.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде, «Медиа», «медиа сауаттылық», «медиа білім беру ортасы» ұғымдарының мәні ашылады. Медиа білім беру ортасын, қауіпсіздікті, медиа құралдарын қолданудың нысаналы мақсатын және басқа салаларды пайдалану кезінде оқушылардың дербестік дәрежесін анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушыларынан, сауалнама алынып, нәтижелеріне талдаулар мен тұжырымдар жасалады. Зерттеушілердің пікірлері мен сауалнамалардың нәтижелеріне жасалған талдаулар негізінде жасалған қортындылары бастауыш сынып оқушыларының медиа сауаттылығындағы ең негізгі және аса қажетті бейімділіктерді нақтылап алуға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, бастауыш сынып бастап оқушыларының медиа сауаттылығын қалыптастыру бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу қажет. Бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе медиа қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне жетілдіру керек деп қорытамыз.

Түйін сөздер: медиа сауаттылық, медиа білім, медиа қауіпсіздік, бастауыш сынып оқушысы, ақпарат.